

Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 3422 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 маусымда № 5029 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 4461 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 15.10.2015 № 4461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабының 3-тармағы 3-1) тармақшасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларына сәйкес Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Ж. Базартайға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.


Кала әкімі

H. Нәлібаев

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 1- қосымша

Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Солтүстік



Оңтүстік

Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
Қызылөзек ауылдық округі-Айнакөл ауылы-Караөзек станциясы-Аргын елді мекені	11 километр	25 минут

"КЕЛІСІЛДІ"

Қызылөзек ауылдық округінің әкімі


А. Шоқбаров

"15" мамыр 2015 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 2- қосымша

Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Батыс



№138 орта мектебі

Шығыс

Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
---------------	---------------	-----------------

Қосшыңырау ауылдық округі Досан елді мекені- Абай ауылы-Сиыр фермасы	10 километр метр	130	30 минут
--	---------------------	-----	----------

"КЕЛІСІЛДІ"


Қосшыңырау ауылдық
округінің әкімі

Б. Арысбаев

"15" мамыр 2015 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 3- қосымша

Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Шығыс

Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
Сабалак-Эдельвейс-ПМК №66 саяжайлары	55 километр	50 минут

"КЕЛІСІЛДІ"


Тасбөгет кентінің әкімі

Ж. Элиев

"15" мамыр 2015 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 4- қосымша

Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
Сабалақ - ПМК №66-Жаңадария саяжайлары	39 километр	1 сағат 30 минут

"КЕЛІСІЛДІ"

Тасбөгет кенттің әкімі


Ж. Элиев

"15" мамыр 2015 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 5- қосымша

Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Оңтүстік



№218 орта мектебі

Солтүстік

Маршрут атапуы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
Ақжарма ауылдық округі-Қалғандария елді мекені	54 километр	50 минут

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақжарма ауылдық округінің әкімі


А. Әділбеков

"15" мамыр 2015 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 6-қосымша

**Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды
жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**

Оңтүстік



Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жұру уақыты
Сыганақ-Эдельвейс саяжайы	23 километр	45 минут

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қалалық білім бөлімі"


мемлекеттік мекемесінің басшысы

M. Аралбаев

"15" мамыр 2015 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 7- қосымша

**Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды
жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**



Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жұру уақыты
Ақсуат ауылдық округі- Махамбет ауылы- Қызылжарма ауылдық округі-	6 0	

Косшыңырау ауылдық округі- Абай ауылы-Белкөл кенті-Көкжиде ауылы-Тасбөгет	километр	4 0
кенті- Сабалақ саяжайы	минут	

"КЕЛІСІЛДІ"

Аксуат ауылдық округінің әкімі

А. Нұрсейтов

"15" мамыр 2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қызылжарма ауылдық округінің әкімі

Ж. Ержанов

"15" мамыр 2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Косшыңырау ауылдық округінің әкімі

Б. Арысбаев

"15" мамыр 2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Белкөл кентінің әкімі

А. Арыстанов

"15" мамыр 2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"


Тасбөгет кентінің әкімі

Ж. Әлиев

"15" мамыр 2015 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 8- қосымша

Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы



Маршрут атауы	Ара қашықтығы	Жол жүру уақыты
Ақжарма ауылдық округі-Талдаярал ауылы	3 километр	20 минут

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақжарма ауылдық округінің әкімі

А. Әділбеков

"15" мамыр 2015 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "15" мамырдағы
№ 3422 қаулысына № 9-қосымша

Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызылорда қаласының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидасына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес әзірленген.

2. Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру

2. Балаларды тасымалдау Қағиданың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау (экскурсиялық және туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көлік түрімен балаларды жеткізууді ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

4. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы мүмкін.

5. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

6. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар, жаңбыр жауғанда) тыйым салынады. Тәуліктің 22.00 сағатынан бастап 06.00 сағатына дейін теміржол вокзалдарына және әуежайларға және олардан, сондай-ақ жақын арадағы демалыс орнына (қонатын жерге) дейін жолда кідіріп қалған кезде балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық

жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

7. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

8. Автобусты қутіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтында жеткілікті үлкен болуы тиіс. Аландарда жайластырылған өту жолдарының болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

9. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қаранды мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

10. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты тұрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

11. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шараптар қабылдайды.

12. Балаларды жаппай тасымалдауға және балаларды алыс жерлерге тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, сондай-ақ отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қашықтықта орналасуы тиіс.

13. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырган кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жас және одан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

14. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушилерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши қуәлігі және жүргізушиңің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушиі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

15. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушиіне мыналарға тыйым салынады:

1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүргүре;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуши жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шарапарын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

3. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

16. Балаларды тасымалдауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық байқаудан өткен автокөлік құралдары жіберіледі. Бұл ретте автобустармен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар тиісті стандарттардың талаптарына сай болуы қажет.

17. Балаларды тасымалдауға пайдаланатын автобустарда мыналар болуы тиіс:

ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс түрған шығынқы жерлер болмауы тиіс;

жабық жай-күйде жүргізушиңің кабинасы мен жолаушы салонына атмосфералық жауын-шашиның түсін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстар;

тегіс, шығынқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені;

салон еденінің жамылғысы жыртықсыз бүтін материалдан жасалуы тиіс;

шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары. Терезе ойығын ақпараттық немесе жарнамалық материалдармен 30 айыздан артық жабуға тыйым салынады;

жылдың сүйк мезгілінде жылдытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер үйіліп тасталмаған жолаушылар салоны.

18. Автобустармен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластануына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

Сыртқы кузовты жуу ауысымнан кейін өткізіледі.

19. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің болуы және мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын ерт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен;

8) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болуы тиіс.